

3
>

Жасөспірімдер арасындағы суицид: себебі мен салдары



6
>

Шетел асқан балалардың тағдыры туралы не білеміз?



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№3 (18461)

1 ақпан 2024 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

10
>

УАҚЫТ БЕЛДЕУІН ӨЗГЕРТУДЕН ҰТАРЫМЫЗ КӨП



12
>

Қар құрсауында қалған елдің жағдайы қалай?



14
>

Бір қора малды жайратып кетті



#ФИБРАТ

Шығыстағы география мұғалімдерінің анасы атанған болатын...

Өскемен пединституты география кафедрасының деканы болған география ғылымының кандидаты, доцент, ағарту ісінің үздігі Ксения Попова 1919 жылғы 20 қаңтарда Омбы облысының Тюмень ауданында дүниеге келген еді.

Оның еңбек жолы Киселевск қаласында басталады. 1936 жылы ол Киселев орта мектебінің оныншы сыныбында оқып, төртінші сыныпқа мұғалім болады.

1942 жылы Ксения Ивановна Томск университетінің география факультетін бітіреді. Жақсы оқып, табандылығымен, төзімділігімен көзге түсіп, сталиндік стипендия алады. Бірақ соғыста әкесі, ағасы мен інісі қаза табады. 1944 жылы Ксения Ивановна азат етілген Херсонға жіберіліп, пединститутта еңбек етеді. 1947-48 жылдары Кемерово облысының №2 мектебінде сабақ береді. 1949-52 жылдары Томск университетінің аспирантурасында оқып, метеорология және климатология кафедрасында ассистент болып қалады. 1954 жылы Ленинградта «Батыс Сібір ойпаты оңтүстік-шығыс бөлігінің жауын-шашын режимі» тақырыбында диссертациясын қорғайды. 1956 жылы кафедра доценті лауазымына сайланады. Ол Таулы Алтайдағы жауын-шашын режимін зерттеп шығады. 1957 жылы Алтай мұздық экспедициясында метеорологиялық жасақты басқарды. Алғаш рет Алтай мұздықтары мен ауа райы режимі арасындағы байланыстарды анықтайды. 1961 жылдан метеорология және климатология кафедрасының меңгерушісі болады. Өзін кәсіби және бастамашыл маман ретінде көрсете білді. 1966 жылы ол күйеуімен бірге Өскеменге көшеді.

Сол жылы Өскемен пединституты география кафедрасының доценті лауазымына сайланды. 1970 жылдан институтта физикалық география кафедрасының

меңгерушісі болды.

К.Попованың ғылыми қызығушылығы – климатология, физикалық география. Шығыс Қазақстанның климаты бойынша дайындаған монографиялары: «Өскемен және оның климаты» (1990), «Шығыс Қазақстан атмосфералық жауын-шашынының генезисі» (1990), «Өскемен қаласы мен оның айналасындағы экологиялық-географиялық очерк» (1992), «Зырян қаласының және оның айналасының климаты» (1995). Ксения Ивановна студенттердің ғылыми конференцияларын ұйымдастырды, «Батыс Сібір ойпаты оңтүстік-шығыс бөлігіндегі жауын-шашынның өзгеріштігі», «Батыс Сібір ойпаты оңтүстік-шығыс бөлігіндегі айналым режимінің кейбір ерекшеліктері», «Батыс Сібір ойпаты оңтүстік-шығыс бөлігінде жауын-шашынның таралуы және жылдық барысы», «Қысқы кезеңде Алтай мен шектес аумақтар үстіндегі атмосфера айналымы дамуының кейбір ерекшеліктері» және т.б. қызықты баяндамалар жасады.

Өзінің бүкіл еңбек жолында К.Попова зерттеулерді, кафедраны басқаруды және қоғамдық жұмыстарды үйлестіре білді. Көптеген жылдар бойы оның басшылығымен Өскемен пединститутында «Естественник» факультеттік газеті шықты.

Ксения Ивановна қайтыс болғаннан кейін оның жұмысын шәкірті А.Егорина жалғастырады. Оның жұмысы география, метеорология, климатология және жаратылыстану ғылымдарымен айналыстын зерттеушілер үшін үлкен қызығушы-



лық тудырады.

Ұстаздың көптеген тұлғалары – еліміздің мектептерінде жұмыс істейтін география мұғалімдері, метеорология мамандары, ғалым-географтары.

Соңғы күндерге дейін ол «Шығыс Қазақстан қалаларының климаты» монографиясымен жұмыс істеді, бірақ монография автордың көзі тірісінде ешқашан жарияланбаған. «Өскемен қаласы су объектілерінің режимі», «Шығыс Қазақстан облысының физика-географиялық очеркі», «Өскемен қаласындағы ауа райы күнделігі» сияқты тақырыпта соңғы күндеріне дейін жұмыс істеді. Әріптестері оның ізденімпаз, еңбекқор, белсенді, жауапты, талапшыл маман болғанын айтады. Кісілігі мен кішілігі тең, әрдайым өзгелерге қолдау көрсетіп, жылы жүрегімен жақсылық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын еді.

**Н.Сереканқызы,
облыстық мемлекеттік архивтің
мұрағатшысы**

Соттылық туралы анықтаманы қалай алуға болады?

Бүгінде «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толығымен автоматтандырылған.

Электрондық анықтаманы мына тәсілдермен алуға болады: www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы және m.gov.kz мобильді қосымшасы арқылы, «Электрондық үкімет» веб-порталында бірреттік SMS пароль сервисі арқылы, «EgovKzBot» Telegram-боты арқылы.

Қызмет көрсетудің ең аз мерзімі – 10 минут, қосымша тексеру кезінде – 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Сонымен қатар аталған мемлекеттік қызмет портал арқылы өзіне қатысты мәліметтер «Жеке кабинет» және (немесе) SMS-растау арқылы сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда үшінші тұлғаларға көрсетілуі мүмкін.

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар Қылмыстық кодекстің 79-бабы тәртібінде соттылықтың жойылғанын ескере отырып беріледі.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет



Қоғамдық тыңдау

«Иылмаз Премиум» ЖШС қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша «дирмен кешенін қолданыстағы ғимараттардың бір бөлігін қайта жаңартумен және қайта жоспарлаумен қайта жабдықтау және тұрмыстық ғимарат пен жапсаржай салу арқылы қайта жаңарту жолымен қайта жаңарту» техникалық жобасына қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар бірыңғай экологиялық порталдың сайтында жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі <https://ecportal.kz/>.

2024 жылғы 09 ақпаннан бастап қоғамдық талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: «ЭкоПроект және аудит» ЖШС, 070003, ШҚО, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 8/1. Тел: 8 777 331 12 00, e-mail: ecoproektaudit@gmail.com БСН: 180 640 009 674.

Қоғамдық тыңдау

11.03.2024 жылы сағат 15.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ., Семенов к., 19, қоғамдық тыңдаулар Стрежанское кен орнынан кен өндіру бойынша Тау-кен жұмыстары жоспарына жоспарланған іс-шаралардың ықтимал әсерлері туралы есеп беру бойынша ашық жиналыс түрінде өтеді. (реттеу).

Әсер ету аймағының географиялық координаттары бар:

1. С.Ш.-50°30'58,40" ВД -83°38'18,30"; 2. С.Ш.-50°30'57,53" ВД -83°38'30,52"; 3. С.Ш.-50°30'25,20" ВД -83°38'39,02"; 4. С.Ш.-50°30'19,51" ВД -83°38'32,54";

5. С.Ш.-50°30'18,54" ВД -83°38'20,58"; 6. С.Ш.-50°30'22,32" ВД -83°38'07,44 "7. С.Ш.-50°30'29,85" ВД -83°37'57,63".

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің e-prioroda.gov.kz сайтында танысуға болады. .kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vkotabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ Өскемен қ. Либкнехт к., 19, «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7232) 25-70-82. Электрондық пошта мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

Төтенше жағдай немесе карантиндік шектеулер жағдайында тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өтеді. Zoom жүйесіне қосылу, конференция идентификаторы мен кіру кодын алу туралы сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыз: 8 (771) 439-22-58. Сондай-ақ бірыңғай экологиялық порталда қосылу сілтемесі қолжетімді болады.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарының қатысуы ұйымдастырылады.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлікті көрсету бойынша талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жүргізіледі.

Тапсырыс беруші «Риддер-Полиметалл» ЖШС, БСН 150940014071, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ., Киров көшесі, 93 ғимарат., e-mail: Z.Mirzayanov@rpm.kz, тел: +7 (701) 771-89-88.

Әзірлеуші: ықтимал әсерлер туралы есеп «Альянс-Экология» ЖШС Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Виноградов к., 9, № 1. БСН 150440029379, тел.: 8 7232 75 3121, +7(776) 404-03-45, e-mail: aek2012@bk.ru. Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта арқылы алуға болады: aek2012@bk.ru және тел: +7 (776) 404-03-45.

Хабарландыру

«BM Mining» ЖШС-мен 2024 жылғы 5 ақпан 11.00-де ШҚО, Глубокое ауданы, Белоусовка а.о., Белоусовка к., Центральная к-сі, 44 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша жоспарланған «Белоусовка кен орнында тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою» объектісі бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында **қоғамдық тыңдау болмайды.**

Хабарландыру

ЖШС «East Mineral Resources» Экологиялық кодексті талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

1. Жоба құжаттамасының атауы: Ертіс мыс қорыту зауытының үйінділерінің (1, 2, 3 және 5 қалдықтар үйінділері) техногендік минералдық түзілімдерді игеру бойынша тау-кен өндіру жоспарына қоршаған ортаға әсер ету үшін экологиялық рұқсат алу үшін материалдар.

2. Әсер аумағы: ҚР, ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое ауылы.

3. Қоғамдық тыңдау 2024 жылдың 12 наурыз сағат 10.00-де ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое ауылы, АМАНАТ партия мәжіліс залы.

Қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ету қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/78673286955?pwd=ZuQ0XZMrU49uOjYQEQB0TlwwUPL1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 786 7328 6955. Қолжетімді код: w38x0f

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ЖШС «East Mineral Resources», БСН 120840010367. Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., М.Горький к., 48, тел.: 8 (707) 700 70 55, e-mail: mejior121@mail.com.

5. Әзірлеуші: «UkLabProject» ЖШС. БСН 171140020707. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, ж.қ. 66, телефоны: 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен <https://ecportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысу бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «East Mineral Resources» ЖШС, БСН 120840010367. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., М.Горький к., 48, тел.: 8-701-958-2289, e-mail: evgenshepel75@gmail.com; «UkLabProject» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к., 35, ж.қ. 66, телефоны: 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізуден 3 күннен кеш емес мерзімде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық – adilkzyas@mail.ru и priemnaaya_cpriprvko@akimvko.gov.kz; пошталық – Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., К.Либкнехт к., 19. Телефоны: 8(7232)25-73-20.

Хабарландыру

«Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/>. «Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Шыбындыкөл көлінде шарбақтық балық өсіру шаруашылығын ұйымдастыруға арналған балық өсіру-биологиялық негіздемесі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Барлық ескерту-ұсыныстар портал арқылы қабылданады.

Басталу күні 9 ақпан 2024 жыл, аяқталу күні 23 ақпан 2024 жыл.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының ұжымы, Судьялар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы және ШҚО бойынша Сот әкімшілігінің ұжымы Өскемен қалалық сотының судьясы Ажар Әмбияқызы Кеңесбекованың әкесі **Кеңесбеков Әмбия Кеңесбекулының** мезгілсіз өмірден озуына байланысты отбасы мен туған-туысқандарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.